

## Тәрбие жұмысының 2021-2022 оқу жылының жылдық анализі

«Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тәрбие жұмысы ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытылған. Жұмыс жүйсі тәрбие саласы бойынша көптеген іс-шаралар атқарылды. Онда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

2021-2024 оқу жылында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер класс жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау. Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында алғашқы қоңырауы барлық Қазақстан мектептеріне арналған. «Білім күні» мерекелік іс-шарасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып «Кел, балалар оқылық!» тақырыбында жиын болып өтті. 1 қыркүйек — бірінші класс оқушылары үшін ерекше мереке. Осы салтанатты күні бірінші класс оқушылары «Әліппе» мен «Букварь» оқулықтарын қолдарына алды. Оқу жылы қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, дәстүрлі форматта басталды.



«Білім күні» мерекелік іс-шарасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналды. 2-11-класс оқушылары арасында бекітілген кестеге сәйкес “Тәуелсіздік жетістіктері” тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.



2021 жылдың қыркүйек айының 7-ші жұлдызы күні «Жол жүру ережесі» және «Абайлаңыз, балалар» тақырыбы бойынша Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында

санитарлық нормалардың барлық талаптарын сақтай отырып, кәмелет жасқа толмағандардың қоғамдық орында және ойын-сауық орындарындағы жүріс-тұрыс қағидаларын сақтау мақсатында 2-11 класс оқушыларының арасында аға тәлімгер А.Бимолдина және әлеуметтік педагог Б.Тилеубек буклеттер арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



2021 жылдың 11 қыркүйегінде 4 кластар арасында «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік» және «Знатоки дорожного знака» тақырыбында ашық класс сағаттары өткізілді. Балалар бағдаршам және жолда жүру ережелері туралы түсініктерін одан әрі кеңейтіп, арнайы белгілерімен және қызметтерімен танысты. Сабақ қызықты әрі пайдалы ақпараттарға толы болды. Ашық класс сағатына Білім бөлімінің тәрбие әдіскері Джайлыбекова Тамаза Қабдышовна, Қорғалжын аудандық ПБ ЖПҚБ КТІЖ аға инспекторы полиция капитаны Сайлау Әділхан Асылханұлы, директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ашимова Гүлмира Каримжановна, әлеуметтік педагог Тилеубек Бердигуль қатысып, ашық сабақтарының жоғары деңгейде өткенін айтты. Карантиндік шараларды сақтай отырып іс-шараны ұйымдастырған бастауыш кластар әдістемелік бірлестік жетекшісі А. Рыспаева және 4-класс жетекшілері Н.Байқадамова, Н.Шамбекова, А.Байтурова және Е.Остапенко.



2021-2022 оқу жылының 11 қыркүйегінде «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай 3 кластар арасында «Тіл тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты ашық тәрбие сабағы өтті. Оқушылар түрлі ұлттың тілдері жайлы ақпараттармен таныстырып, өлең оқып, әр ұлттың билерін биледі. Тәрбие сағатына Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Халым Пания, «Нұр-Қорғалжын» аудандық газетінің бас редакторы Ботагөз Сембайқызы, Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Н.Рахметова және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова қатысты. Қонақтар тәрбие сағатын жоғары деңгейде өтті деп бағалады. Тәрбие сағатын өткізген бастауыш класс мұғалімдері: Г.Торжанова, Г.Шайхина, А.Остапенко, А.Төребаева, Ш.Есім, А.Рыспаева.



2021-2022 оқу жылының 6-11 қыркүйегі аралығында 5-11 кластар арасында мемлекеттік тілге құрмет көрсету, мемлекетіміздің тарихы мен мәдениетінің жарқын келбетін таныта алатын ұлттық салт-дәстүрімізбен әдет-ғұрпымызды жаңғыртып кеңінен насихаттауға байланысты тәрбие сағаттары мен тіл сайыстары ұйымдастырылды. Мектебіміздің ұстаздары бір апта бойы оқушылармен жұмыс жасап, оларға өзге тілдің бәрін білу керектігін, бірақ ана тілінді құрметтеп, мемлекеттік тілді қастерлеу керектігін ашық-тәрбие сағаттарында айтып түсіндірді, олардың қазақ тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттырып, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында аянбай тер төкті. Орыс сыныптары түгелдей қазақша сөйлеуге тырысты. Мұғалімдер тіл апталығында жүйелі де, тәрбиелік мәні зор жұмыс жасады.



2021-2022 оқу жылының 14 қыркүйегінде 9-11 кластар арасында “Жасөспірім” республикалық жедел профилактикалық іс-шарасы аясында “Абайлаңыз балалар!” тақырыбында Қорғалжын аудандық ПБ ЖПҚБ бастығы полиция майоры Р.Б. Оразбаев пен Қорғалжын аудандық ПБ ЖПҚБ КТІЖ аға инспекторы полиция капитаны Сайлау Әділхан Асылханұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмысының мақсаты: кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу.



2021 жылдың 18 қыркүйегінде “Дала жұлдызы – Ыбырай” атты Ыбырай Алтынсаринның 180 жылдығына орай ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақтың мақсаты: Ыбырай Алтынсаринның өмір-тарихымен тереңдете танысу, шығармаларынан үлгі-өнеге алу. Оқушылар Ыбырайдың өлеңдерін оқып, әңгімелерінен үзінді көріністер көрсетті. Іс-шараға аудандық Ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы Сейт Айдана, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Халым Пания, Тілдерді оқыту орталығының қазақ тілі пәнінің оқытушысы Зекенова Сымбат Каиргелдықызы қатысты. Сабақты өткізген мектеп-гимназияның филолог ұстаздары Н.Рахметова, А.Уткельбаева, А.Байтемирова.



«Денсаулық күніне» орай 5 «ә» класында флешмоб ұйымдастырылды.  
Өткізген: аға-тәлімгер А.Бимолдина, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Жакенов



2021 жылдың 25 қыркүйек күні бастауыш кластар арасында «Денсаулық» және «Отбасы» күніне орай «Спорт өмірді ұзартады» ұранымен «Әке, ана және мен, спортшымыз шегінен!» атты көңілді старт жарысы өткізілді. Жарысқа 12 команда қатысты, үздік шыққан отбасылар мадақтамалар және сыйлықтармен марапатталды.  
Ұйымдастырушылар: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова, аға-тәлімгер А.Бимолдина және дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 2021 жылдың 27 қыркүйегінде Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай 7 «а» класымен «Дала жұлдызы – Ыбырай Алтынсарин» атты тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шара «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүргізілді.  
Өткізген: мектеп кітапханашылары Жалысова Г.З., Бексеитова Д.К. және қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Бадықова Ш.К.



Қазақ тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу, қоғамның кез келген орнында қазақ тілінде сөйлеуді насихаттау, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде қызметін нығайту мақсатында облыста көптеген шаралар ұйымдастырылып келеді. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы «ҚАЗАҚ ТІЛІ – БАБАМНЫҢ ТІЛІ, БАЛАМНЫҢ ТІЛІ» атты онлайн бейнероликтер байқауын өткізді. Байқауға облыстың түпкір-түпкірінен 40-қа жуық бейнероликтер келіп түсті. Қатысушылар өздерінің бейнероликтерінде қазақ тіліне, ұлтқа деген құрметтерін көрсетіп, көпшілік қауымға қазақ тілінде сөйлеуді дәріптеді. Қазылар

алқасы байқауға ұсынылған бейнероликтердің байқау тақырыбына сәйкестігін, қазақ тілін меңгеру деңгейін, бейне эсерлерін, бірегейлігін, жалпы эмоциялық қабылдауын, бейнероликтің техникалық сапасына мән берді. Қазылар алқасының шешімі бойынша 17 жасқа дейінгі қатысушылар арасында 1-орынды Қорғалжын ауданынан Гүлден Хамзеқызының жетекшілігімен Амангелді Сандуғаш иеленді.



В рамках семинара «Воспитание толерантной личности в условиях поликультурного пространства образовательного учреждения» провели II Международный дистанционный интернет – форум «Мен жастарға сенемін!», посвященный 30-летию Независимости Республики Казахстан, с участием молодежи Польши, школа № 203 в Варшаве Антонина и Ян Жабински, Украины(Национальный педагогический университет им. М.П. Драгоманова), Республики Саха (МАОУ «Национальная Политехническая средняя общеобразовательная школа номер 2» города Якутска), гимназисты Коргалжинской школы- гимназии( п. Коргалжын, Акмолинской области).

Цель проведения форума – знакомство молодежи разных стран с достопримечательностями Казахстана и достижениями в образовательной среде; развитие международного сотрудничества и обмен культурными традициями народов.

Гости с зарубежья поздравили весь народ с Казахстана с такой знаменательной датой и рассказали об образовательных грантах и программах для молодежи в своей стране.

Гости узнали об образовательных грантах «Болашак»- Международная образовательная стипендия первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева, которую представили гимназисты Коргалжинской школы-гимназии. Ученики школы-гимназии № 47 представили участникам Форума проект «Медаль Елбасы» и ознакомили со школьным парламентом гимназии.



Бүгін, яғни 30.09.2021ж. күні мұғалімдерді «Ұстаздар күнімен» құттықтау үшін салтанатты жиын өткізілді.

Мектепшілік ұстаздар арасында өткізілген «Менің әріптесім – керемет жан» эссе байқауының қатысушылары марапатталды. Оқушылар өз тілектерін арнап, ән айтып, би биледі. Мұғалімдер риза болып, балалар мен мектеп әкімшілігіне алғыстарын айтып, өздеріне арналған құттықтаулардан керемет эсер алған ұстаздар ерекше күйге бөленді.



Бүгін, яғни 2-қазан күні бастауыш кластар аралығында Қарттар күніне орай "Қарты бар үйдің - қазынасы бар" атты іс-шара өткізілді. Іс-шараға әр сыныптың әжелері қонаққа шақырылды. Немерелері әжелеріне арнап ән, би, өнерлерін көрсетті. Оқушылар әжелеріне ақ тілектерін айтып, дайындаған сыйлықтарын табыстады. Іс-шараны ұйымдастырған: бастауыш класс мұғалімдері.



11.10.2021 ж. «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Семей полигоны - Қазақстанның ядролық трагедиясы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: Семей полигоны жабылуының 30 жылдығы, Семей ядролық сынақ полигоны және оның халық денсаулығына тигізген әсері, сынақтардың адамдарға, қоршаған ортаға әсері туралы түсінік ала отырып, пікір алмасып, ойларын ортаға салу. Оқушылардың көпшілік ортада ашық, жүйелі сөйлей білу, ой-пікірін білдіре отырып, қосымша деректер мен құжаттарды пайдаланып, ізденушілікке, шығармашылық жұмысқа баулу. Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық тәрбие беру. Оқушылар белсене қатысып, өз ой-пікірін білдіре отырып ортаға салды. Полигонның зияны және онымен күресу жолдарын талқылады. Отансүйгіш, туған жерінің қамын, өз болашағын қазірден ойлайтын балаларымыздың өсіп келе жатқаны қуантты. Іс-шараны өткізген: тарих пәнінің мұғалімдері А.Абсағиева, А.Жаманбаев



2021 оқу жылының 15 қазан айында «Әр аулаға күн шуағы» атты Республикалық жоба жүргізілді. Барысында «Қорғалжын экологиялық обсерватория» тақырыбының авторы К.Туспекова және әзірлеушісі, тренер Ардак Сыпырыков 6,7,8 класс оқушыларына күн энергиясын пайдалану жолдарын тәжірибе жүзінде оқытып, үйретті. Коллектордың бағыты мен орналасуын, оған керекті материалдармен, құралдар жинағымен таныстырып, қандай қызмет атқаратынын және қалай жұмыс істейтінін көрсетті. Балалар жобаның тәжірибе бөлімінде ерекше қызығушылық таныта отырып, әрқайсысы белсене атсалысты.



16.10.2021 оқу жылында табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы оқушылардың білімдерін кеңейту, күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, күз мезгілінің ғажайыптарын сезініп, ойлау қабілетін дамыту, оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында даярлық тобы мен 1-4 кластар арасында «Аяулы күз, алтын күз!» іс-шарасы өткізілді. Іс-шара шығармашылық сайыс түрінде ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі көйлектер киіп, сән үлгілерін көрсетіп, ән салып, ойын ойнап, би билеп, тамаша көңіл күймен жарысқа белсене қатысты. Сайыс соңында жеңімпаз топ марапатталып, оқушылар бірін-бірі құттықтап, класс жетекшісі мен жүргізушілерге ризашылықтарын білдірді.



2021 оқу жылының қазан айының 15-16 күндері «Әр аулаға күн шуағы» атты Республикалық экожоба жүргізілді. Бұл жобаға мектебіміздің директордың шарушылық жөніндегі орынбасары К. Қожабеков, көркем еңбек мұғалімі С.К.Омаров және 7 "в" Берг Тимур және Гуськов Евгений қатысты. Қатысушылардың жасаған туындылары бағаланып, марапатталды.



Қазақ тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу, қоғамның кез келген орнында қазақ тілінде сөйлеуді насихаттау, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде қызметін нығайту мақсатында Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы «ҚАЗАҚ ТІЛІ – БАБАМНЫҢ ТІЛІ, БАЛАМНЫҢ ТІЛІ» атты онлайн бейнероликтер байқауын өткізді. Қатысушылар өздерінің бейнероликтерінде қазақ тіліне, ұлтқа деген құрметтерін көрсетіп, көпшілік қауымға қазақ тілінде сөйлеуді дәріптеді. 17 жасқа дейінгі қатысушылар арасында Қорғалжын мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы Шугаева Аружан Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының алғыс хатына және 10 мың теңгелік сертификатына ие болды. 2021-2022 оқу жылының қазан айының 20-сы күні Нұр-Сұлтан қаласы жайында, оның тарихы, Алматыдан Ақмолаға көшірудің алғышарты жайында

оқушыларға жалпылама мағлұмат беру, елорда жайында білімдерін кеңейтуге жағдай жасау мақсатында тарих пәнінің мұғалімі Ә.Жаманбаев 9 “а” класс оқушыларымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған “Жаңа Астананың даму тарихы” атты тақырыпта ашық сабақ өткізді. Балалар викториналық сұрақтарға жауап беріп, Қазақстан Республикасының тарихи ұлттық виртуалды мұражайын тамашалады. Сабақ қызықты өтіп, балалар өздеріне көптеген мәлімет алды.




2021-2022 оқу жылында өткізілген қайырымды іс-шаралар өте көп. Мектебімізде оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады. Бүгін біздің 11 класс оқушылары аға тәлімгер А.Бимолдина, класс жетекшілері А.Байтемировамен бірге Қарақұнанова Қырмызы әженің үйіне барып, ауласын жинап көмектесті. Әже риза болып, оқушыларға ақ батасын берді.



2021 жылдың 1 қарашасында "Индустриальдық-инновациалық даму. Цифрлық экономика" күзгі каникул кезінде оқушылардың ой-өрісін дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған "Эрудит-Тир" атты тақырыпта 1-10 класс оқушылары арасында онлайн викторина ойыны өткізілді. Іс-шара қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұйымдастырылды. Интеллектуалды викторина әр пәнді қамтып, үш тілде әртүрлі сұрақтар қойылып, қызықты сабақтар жүргізілді. Оқушылар белсенді қатысып, білгенін қайталап, көптеген мәліметтер алды. Өткізген класс жетекшілер: К.Дангилова, Н.Байкадамова, А.Байтурова, Б.Тилеубек.





"Индустриальдық-инновациалық даму. Цифрлық экономика" күзгі каникул кезінде кино күні «Фильм! Фильм! Фильм!» атты тақырыбында 1-10 класс оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды. Балалар «Менің атым – Қожа», «Аңшы бала», «Көксерек», «Батырлар», «Біржан сал» фильмдерін, бастауыш класс оқушылары «Алдар Көсе» мультфильмін көріп, алған әсерлерімен бөлісті. Фильмнің көпшілігі балаларға ұнады. Оқушылар фильмдерді қызыға тамашалап, керемет әсер алғандарын бөлісті. Мұғалімдермен фильм мазмұнын, берер тәрбиесін, алған жаңа ақпараттарын талқылап, әрқайсы өз пікірлерімен бөлісті. Өткізген класс жетекшілер: К.Дангилова, А.Рыспаева, Г.Досымова, Г.Ахметова, Г.Султанова, А.Каппасова, Ж.Өнербек, Б.Тлиубек



03.11.2021ж. күні "Индустриальдық-инновациалық даму. Цифрлық экономика" күзгі каникул кезінде 4-7 класс оқушылар арасында «Сен өз Отаның Қазақстанды білесің бе?» атты тәрбие сағаты өтті. Бейнеролик көрсетілді, сұрақ-жауап алынып, блиц-турнирі өткізілді. Оқушылар белсенді қатысты. Іс-шараны өткізген мектеп-гимназиясының кітапханашылары Г.Жылысов, Д.Бексеитова.



4 қараша күні А. Төлеубаев атындағы жалпы орта мектебінде Ақмола облысының ұйымдастыруымен арнайы ауыл мектеп оқушыларына IQanat Қоры Қазақстандағы ең ауқымды “IQanat” жеке олимпиадасына облыстық көлемде 8-кластар арасында IQanat олимпиадасының I кезеңі өтті. Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясы 8 кластан 22 оқушы қатысты. Қатысушыларға директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жусупова жетекшілік етті.



04.11.2021 күні сағат 15:00 де "Индустриальдық-инновациалық даму. Цифрлық экономика" күзгі каникул кезінде 7-8 класс оқушылар арасында үстел теннисі жарысы өткізілді. Жарыстың қорытындысы: қыздар командасынан: 1-орын Танибергенова Аружан, 2-орын Оразалиева Индира, 3-орын Амангелді Толғанай. Ұлдар командасынан: 1-орын Карибаев Темірлан, 2-орын Қуандық Алихан, 3-орын Жүсіп Әділет. Оқушылар мадақтау қағаздарымен марапатталды. Өткізген: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Д.Мусин



03.11.2021 күні "Индустриальдық-инновациалық даму. Цифрлық экономика" күзгі каникул кезінде 6-8 класс оқушылар арасында футбол жарысы өткізілді. Жарыстың қорытындысы: 1-орын 7 «б» класы, 2-орын 6 «а» класы, 3-орын 6 «ә» мен 7 «а» кластары алды. Оқушылар мадақтау қағаздарымен марапатталды. Өткізген: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Жакенов



04.11.2021 күні "Индустриальдық-инновациалық даму. Цифрлық экономика" күзгі каникул кезінде 6-8 класс оқушылар арасында волейбол жарысы өткізілді. Жарыстың қорытындысы: 1-орын 8 «а» класы, 2-орын 7 «а» класы, 3-орын 6 «б» класы алды. Оқушылар мадақтау қағаздарымен марапатталды. Өткізген: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Е.Қайдаров



«Индустриалдық-инновациялық даму. Цифрлық экономика» бойынша күзгі каникул кезінде 2021 жылдың 5 қараша күні 3«в», 3«г» класс оқушылармен Диспут «Желілік ойындарының артықшылықтары мен кемшіліктері» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында тақырыпқа сай презентация көрсетіліп, оқушылардан сауалнама алынды. Барлық оқушылар белсенді қатысты және қызығушылықтары арта түсті, сонымен қатар «Дене мүшелері» атты көрініс қойылды.

Ең соңында кері байланыс барысында меңгерген тақырып бойынша оқушылар бір-бірден шығып компьютерлік ойындардың артықшылығы мен кемшілігі жөнінде аргументтерді атап, кәмпиттерді вазаларға салып, өз ойларын қорытындылады. Іс-шара өткізген информатика пәнінің мұғалімі: С. Махаббат.



2021 жылдың 11 қарашасында Қорғалжын ауданында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Ақмола жұлдыздары" аудандық халық шығармашылық байқауы өтті. Байқау аясында қолданбалы және бейнелеу өнері шеберлерінің конкурсы өткізілді. Көрмеде көркемдік туындылар, балалар қолөнер шығармалары таныстырылып, қойылды. Әкелінген жұмыстар тізімі жасалып, туындының авторы мен елді мекен көрсетіліп таныстырылды. Көрменің жетекшісі Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәнінің мұғалімі Б.Е.Досымова.



11 қараша 2021 жыл Арықты орта мектебінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және Қорғалжын ауданы «Жастар» спартакиадасының бағдарламасымен сәйкес ұлттық ойын түрлері «асық ату», «бес асық» және «тоғызқұмалақ» аудандық жарыстары өткізілді. Жарыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау; ұлттық спорт түрлерін, оның ішінде - ұлттық ойынына қызығушылықты арттырып, кеңінен насихаттау;

Тоғызқұмалақ жарысынан Қорғалжын ауылының мектеп- гимназиясының 8 класс оқушысы Изахметов Рауан қатысып бірінші орынға ие болды. Жетекшісі: денешынықтыру пәнінің мұғалімі Ж.Әубәкір.



17 қараша күні Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, аудандық кітапханада жерлесіміз, жас ақын Жамкеев Ербол Қабылдаұлының Қорғалжын ауданының жастарымен "Қадіріңнен айналдым, уа еркіндік" атты рухани кездесу кеші өтті. Кешке аудан әкімінің орынбасары Д.Сабырғали қатысып, ақынға арнап құттықтау сөз сөйлеп, аудан әкімінің алғыс хатын табыстады. Ақынға естелікке Қорғалжынның 90 жылдығына арналған кітабын тарту етіп, иығына шапан жапты. Кеште ақын туралы бейнеролик көрсетіліп, К.Күмісбеков атындағы аудандық мәдениет үйінің көркемсөз оқу шеберлері студиясының шәкірттері ақынның өлендерін оқыды. Рухани кешке Қорғалжын мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушылары қатысып, ақынға ойларында жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды. Кеш соңында Е.Қабылдаұлы өзінің жаңадан шыққан «Бала жүрек» атты әңгімелер жинақ кітабын оқырмандарына және де аудандық кітапханаға сыйға тартты. Рухани кеш өткізудегі басты мақсатымыз-жергілікті ақын- жазушыларды ардақтау, шығармашылығын насихаттау және жас буынды патриоттық, ұлттық рухта тәрбиелеу болып табылады.



18 қараша күні Қорғалжын ауылының мектеп – гимназиясында «Отбасы ішіндегі әйелдер мен кәмелет жасына толмаған балаларға қатысты зорлық-зомбылық» әрекеттерін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға мектебіміздің 7 «а», 7 «б», 8 «б», 8 «в» оқушылары қатысты. Сауалнаманы өткізген Қорғалжын аудандық ПБ ЖПБҚ КТІЖ аға инспекторы, полиция капитаны Сайлау Әділхан Асылханұлы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ашимова Гульмира Кәрімжанқызы.



20.11.2021ж. күні сағат 12:00 де Ақмола облысы Қорғалжын ауданының «Fitness Park KZ» дене шынықтыру мен спортты насихаттаудың бағдарламасы және әдістемесі аясындағы жаппай дене шынықтыру жаттықтырушылары келді. Жаттығуға 6-7 кластар арасынан 128 оқушы және Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының дене шынықтыру мұғалімдері қатысты.



20.11.2021 ж. күні "Мамандық таңдау - маңызды іс" тақырыбы бойынша 9-11 кластар арасында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Мамандық құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесінде еңбек жемісі туралы ұғым беру. Өткізген : класс жетекшілер Г.Досымова, А.Уткельбаева, А.Байтемирова.



22.11.2021 ж. күні Қорғалжын ауданының мәдениет үйінде Республикалық "Қоқиқаз - 2021" фестивалі өтті. Байқауға 34 оқушының жұмыстары тапсырылды, соның ішінен 17 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Жетекшілері: Б.Досымова, Г.Торжанова, Ш.Бадыкова, Н.Шамбекова, А.Байтурова, Ш.Есім, Н.Байкадамова.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 29-30 қараша күндері Тұңғыш Президент күніне орай «Ел ертеңін ойлаған Елбасы» атты тақырыпта 1-11 класс оқушылары арасында тәрбие сағаттары өтті. Өткізген: 1-11 класс жетекшілері.



30.11.2021 ж. күні жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Тәуелсіз Қазақстан және Елбасы» атты аудандық шығармашылық-ғылыми жобалар байқауы өтті. Байқауға ауданымыздың 11 мектебі және Нұр-Сұлтан қаласындағы «№47 балабақша – мектеп-гимназиясы» комплексі КММ қатысты. Байқаудың салтанатты ашылуында мектебіміздің директоры, ұлағатты ұстаз Тәжин Нұрлан Есіркепұлы құттықтау сөз айтып, ғылыми жобаның нәтижелі өтуіне қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқаудың мақсаты мен міндеті: 1.Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекетті дамытуға бағытталған идеяларын насихаттау мақсатында өткізіліп отыр. 2.Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығына орай ұйымдастырылатын конкурсты өткізудің негізгі міндеті Қазақстанды дамыту идеяларын жинақтауға ықпал ететін оқушылар ғылыми зерттеулерін қолдау болып табылады.

Шығармашылық-ғылыми жобалар байқауының әділқазылар алқасы: 1.Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі директордың орынбасары – Жусупова Баян Амангелдіқызы;

2.Аудандық Білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің бас маманы – Картенбай Гүлзат Аманжолқызы;

3.Аудандық Ішкі саясат бөлімінің маманы – Сейт айдана Бейсенқызы;

4.Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі – Қайырбеков Жоламан Омарұлы.

Байқаудың нәтижесі: I-орын иегерлері «№47 балабақша мектеп-гимназия» КММ, Нұр-Сұлтан қаласының оқушылары Луценко Евангелина Сергеевна, Качахидзе Миа Тенгизовна. Жетекшісі: Казбекова Назгул Тулемисовна. II-орын иегерлері «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта мектебі» Алибекова Дильназ Жасулановна. Жетекшісі: М. Кульманов. «Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Серік Ақмөр. Жетекшісі: Смагулова Молдир Бейсеновна. III-орын иегерлері «Арықты орта мектебі», Көшербай Нұрайдын. Жетекшісі: Исабекова Айнура Галымжановна. «Үшсарт негізгі мектебі», Серік Райымбек. Жетекшісі: Омаров Дәурен Мажитович. «Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ, Туғанбаев Айдын. Жетекшісі: Жаманбаев Әли Маратұлы. Қалған оқушылар номинация бойынша марапатталып, белсенді қатысқан оқушылар алғыс хаттарын алды. Оқушыларға алдағы жеңісті күндерің көп болсын! Білекті мыңға жығатын, сәттерін әрдайым сәтінен болсын деп тілейміз!!! Байқауды ұйымдастырған: Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының әкімшілігі.



2021 жылдың 10 желтоқсан күні бастауыш кластар арасында «Тәуелсіздік-тұғырым» мерекелік саптүзеу өткізілді. Саптүзеу ҚР гимнімен ашылып, ән, би, көрініспен жалғасты. Соңында «Мен туған жеріммен мақтанамын!» мектепшілік сурет байқауының қорытындысы бойынша оқушылар жүлделі орындармен және сыйлықтармен марапатталды. Іс-шараны өткізген: А. Рыспаева, Е. Остапенко, А.Бимолдина



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 10-13 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында оқушылардың бойында отансүйгіштік сезімін ұялату, ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру мақсатында «Тәуелсіздік жетістігі» атты тақырыпта 1-11 класс оқушылары арасында тәрбие сағаттары өтті. Өткізген: 1-11 класс жетекшілері



«Рухани жаңғыру» жобасы аясында өткен «Жақсы кітап – жан азығы» облыстық сырттай конкурсында топтық жұмысқа 6-8 класс оқушылары Баешева Динара, Даниярқызы Зере, Люфт Александр, Оразова Нұрай, Талғатқызы Назира белсенді қатысып, сертификаттармен марапатталды. Жетекшісі: мектеп кітапханашысы Г.Жылысова



14.12.2021 ж. күні 8 "Б" класында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай "Біз-тәуелсіз елміз" тақырыбында ашық сабақ өтті. Өткізгендер: мектеп кітапханашысы Г.Жылысова , Д. Бексеитова және тарих пәнінің мұғалімі Г.Ахметова



14 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай “ЖАҒАНДЫҚ ҚАЛА-ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ” атты конференция өтті. Іс-шараның мақсаты- қазақстандық патриотизмді дамыту, оқушылардың азаматтық көзқарастарын қалыптастыру. Қатысушылар мен қонақтар: ҚР-ң Польша Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Селим Хазбиэвич, ҚР-ң Украинадағы Төтенше және Өкілетті елшісі Пётр Врублевский, Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының әкімі Есет Байкен, “Жанұя” отбасы институтын қолдау орталығы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң оқытушылары мен студенттері, №47 мектеп -гимназия, Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы. Осы конференцияда біздің мектептің 11-класс оқушылары Шугаева Аружан және Орынбай Оралхан “Болашақ бағдарламасы-Қазақстанның бренді” атты жоба қорғады. Жетекшілері -тарих және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері Г.Ахметова мен А.Байтемирова



14 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі аясында Республикалық "Янтарных слов капель -2021" тақырыбында қашықтықтан өткен байқауға 6 класс оқушысы Пупина Алена қатысып жүлделі орынға ие болды. Жетекшісі Г.Алиева.





15.12.2021 ж. күні 11 кластар арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай "Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз" атты интеллектуалды-танымдық ойын өтті. Мақсаты: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында оқушылардың мектепте меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан-жақты ой өрісін жетілдіру, ой ұшқырлығын, оқуға деген ынтасын, арттыру. Өткізген: тарих пәнінің мұғалім А.Абсағиева



23-желтоқсанында Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайында балаларға арналған "Пора поверить в чудеса" атты жаңа жылдық кеш өтті. Аталмыш іс-шараға "Қорғалжын экологиялық обсерваториясы" ЖМ-ның директоры К.Туспекованың шақыртуымен Қорғалжын ауылының 20 оқушысы қатысты. Балаларға арналған қызықты бағдарлама, космосқа саяхат, Аяз ата мен Ақшақардың құттықтауы және өзге де кейіпкерлер әр баланың жүрегінен жол тауып, ғажайыпқа бөледі. Аудан әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлының демеушілігімен оқушыларға сыйлықтар үлестірілді. Балалардың жолдағы өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ақмола облысы ПД бастығы полиция генерал-майоры А.Баймурзин алып жүруді ұйымдастырды. Елдің ақ жүректі азаматтары мен азаматшаларына білім бөлімінің басшысы Сауле Қуанышқызының, ата-аналардың атынан шексіз алғасымызды білдіреміз.



24-желтоқсан 2021 жылы қашықтықтан Ақмола облысының оқушыларына арналған Президенттік шырша өтті. Мерекелік іс-шараға Қорғалжын ауданынан қамқорлықтағы және көп балалы отбасы санаты бойынша 4 оқушы қатысты. Оқушыларға 100 000 тг сертификат, танымдық энциклопедия, тәттілер табыс етілді. Жаңа жыл мерекесі - әр балаға шаттық сыйлайтын мереке. Жаңа жыл құтты болсын!



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 5-11 кластар арасында «Қош келдің, Жаңа жыл» атты тәрбие сағатары өтті. Тәрбие сағаттар өте жоғарғы деңгейде өткізілді. Оқушылардың жүздерінен қуаныш пен шаттық көруге болады. Өткізген: Н. Алибекова, Ш. Бадыкова, А. Серикова, Г. Досымова, Г. Шугаева, Г. Сарқытбаева, И.Сураева, А. Байтемирова, Г. Ахметова, Н. Рахметова, Г. Алиева, А. Уткельбаева, К. Имажанова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында бастауыш кластар аралығында "Қош келдің жаңа жыл!" атты жаңа жылдық тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар тақпақтарын айтып, әндер шырқап, бар өнерлерін салып, аяз атадан жаңа жылдық сыйлықтарын алды. Өткізген: Бастауыш класс мұғалімдері.



"Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің" бастамасымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, өзге ұлт өкілдерінің арасында "Қазақша караоке-2021" ән байқауы өткізілді. Байқаудың негізгі мақсаты- қазақша ән шығармашылығын насихаттау және дамыту, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, қоғамда мемлекеттік тілдің рөлін арттыру болып табылады. Байқауға аудан бойынша 15-25 жас аралығындағы жастар қатысты. Байқау қорытындысы бойынша: 3-орынды Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушысы Тусупбеков Адиль, 2-орынды Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Боранбаева Виктория, 1 - орынды Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушысы Борзова Валентина иеленді. Байқау жеңімпаздарына дипломдар мен сертификаттар табысталды.



«Қазақстан балалары – қысқы ертегі» қысқы каникул кезеңіндегі «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» атты тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында онлайн кездесулер ұйымдастырылды. Балалар «Қауіпсіз демалыс» бейнероликтерін іске асырды. Өткізген: 1-11 класс жетекшілері.



«Қазақстан балалары – қысқы ертегі» қысқы каникул кезеңіндегі отбасылық іс-шара «Жаңа жыл – отбасылық мереке» атты тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында фотоколлаж және бейне-жоба ұйымдастырылды. Өткізген: 1-11 класс жетекшілері.



2022 жылдың қаңтар айының 14 күні Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың болашақ міндеттері мен одан әрі дамудың жаңа перспективалары жайлы қаңтар айының 11 күні мәжіліс парламенті жасаған баяндамасын Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының мектеп ұжымы арасында талдау жұмыстары жүргізілді. Мектеп басшысы Н.Тәжин мырза бірнеше бағыттарына тоқталып, әсіресе білім саласына қатысты мәселеге басты назар аударды. Ұжым болып, айтылған пікірлерге қосылып, ел болып президентімізді қолдаймыз. Отанымыз көркейе берсін, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!



27 января был проведен областной отборочный этап республиканского детского фестиваля «Қазақстан – менің алтын бесігім». Организатором выступил центр по выявлению и поддержке одаренных детей и талантливой молодежи «Ақмола дарыны» управления образования Акмолинской области.

Целью данного фестиваля является раскрытие творческого потенциала детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, создание ситуации успеха для формирования гражданской ответственности, основанной на традиционных культурных, духовных и нравственных ценностях казахстанского общества.

В конкурсе приняли участие 62 обучающихся из районов области (Аршалынского, Буландинского, Атбасарского, Шортандинского, Коргалжынского, Жаксынского, и города Кокшетау), а также воспитанники Аккольского, Урюпинского детских домов.

Фестиваль проводился по номинациям:

В номинации хореографии «Татулықтың тұтқасы – бірліктің бесігі»

I место – танцевальный коллектив КГУ «Детский дом №1 для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Аккольского района

I место – танцевальный коллектив КГУ «Специальный комплекс «Детский сад-школа-интернат», село Урюпинка, Аккольский район»

II место – АРТ – ложкарей воспитанников КГУ «Специальный комплекс «Детский сад-школа-интернат», село Урюпинка, Аккольский район».

II место - Болатова Гульназ Коргалжынский район, с. Коргалжын

III место - Сеилхан Нурай – Коргалжынский район, ШГ с. Коргалжын;

III место – Коршунова Анастасия – Астраханский район, СШ им.А.Толлеубаева с. Астраханка.



28.01.2022ж. күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы 6 «ә» класында Талғат Бегельдинов атамиздың туғанына 100 жыл толуына орай оқушылармен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Атамиздың ерлігін айта отырып, өмір баянымен таныстырып, еске алдық. Мақсаты: оқушыларды Отанын сүйуге, оны қорғауға, патриотизмге тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысындағы батыр азаматтармен, олардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрістерін дамыту. Өткізген: тарих пәнінің мұғалімі Ә.Жаманбаев және аға-тәлімгер А.Бимолдина



04.02.2022ж. күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында Ұлы ағартушы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына бастауыш класстар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 150 жыл бұрын мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, ғалым, ақын және қазақ лингвистикасының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келді. Ахмет Байтұрсынов-қазақ халқының бақытты болашағы үшін өз өмірін қиған ақын, түркітанушы ғалым, аудармашы, педагог, публицист және өз Отанының нағыз патриоты! Ол - қазақ кәсіби журналистикасын

қалыптастырған ірі қайраткер. Тәрбие сағаты барысында оқушылар Қазақстан тарихында өшпес із қалдырған адамның өмірі мен қызметімен танысты. Өткізген: Н.Байкадамова, А.Каппасова, Ж.Өнербек, А.Байтурова, А.Туребаева



2022 жылдың 04 ақпан күні Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 11 класс оқушыларымен С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, ғылыми кандидаты Майканов Балгабай Садеповичпен кәсіптік бағдар туралы кеңес өткізіліп, жұмыстар жүргізілді. Кәсіптік бағдар беру онлайн форматта өтті. Өткізген : Г.Ашимова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында Ұлы ағартушы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына 5-11 кластар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 150 жыл бұрын мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, ғалым, ақын және қазақ лингвистикасының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келді. Ахмет Байтұрсынов-қазақ халқының бақытты болашағы үшін өз өмірін қиған ақын, түркітанушы ғалым, аудармашы, педагог, публицист және өз Отанының нағыз патриоты! Ол - қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Тәрбие сағаты барысында оқушылар Қазақстан тарихында өшпес із қалдырған адамның өмірі мен қызметімен танысты. Өткізген: А.Тажина, Ш.Бадыкова, А.Уткельбаева, Г.Досымова, Г.Султанова, Г.Ахметова, Н.Рахметова



09.02.2022 ж. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын Мақағали Мақатаевтың туылған күніне орай 8 «а» класында «Мұқағали Мақатаев - ХХІ ғасыр ақыны» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясына қайталанбас туындыларымен, отты жырларымен келген, өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтерген ақын. Ақынның өлмес өнері, қанатты поэзиясы қазақ халқының парасатын кемелдендіре түсті. Мұқағали поэзиясы – күллі қазақтың болмыс-бітімі. Оның сырлы сезімге толы жырлары қалың оқырманның жүрегінен мәңгілікке орын алған.

Оқушыларды әдемі, әсем туындыларымен таныстырып, Мұқағали атамыз туралы біраз мағлұмат айтылды.

Өткізген: қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Султанова және мектеп кітапханашысы Г.Жылысова.



20 қаңтар мен 09 ақпан аралығында Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының оқушылары "Балдәурен-Балқаш" республикалық оқу-сауықтыру орталығында қысқы демалыстарын өткізіп келді. Оқушылардың демалыстары өте қызықты өтіп, көтеріңкі көңіл күймен оралды.



2022 жылдың 12 ақпан күні Қорғалжын аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Амангельды ауылының жалпы білім беретін орта мектебі аясында «Тіл дарыны» аудандық сайысы өткізілді. Сайықа ауданның 12 жалпы орта және негізгі мектептері қатысты. Арнайы білім бөлімі басшысының бұйрығымен бекітілген комиссия мүшелері ережеге сәйкес сайысқа қатысушы оқушыларды бағалады. Сайыстың бірден-бір мақсаты жастар арасында үштілділікті дамыту. Сайыс соңында үш тілді еркін меңгерген оқушылар топ жарып жеңімпаздар анықталды. Шара соңында жеңімпаздар мадақтама мен сыйлықтармен марапатталды. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының, 3-орын Амангельды Аружан, Жакупбекова Алуа Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы, 11-сынып бойынша 1-орын Жамомуратов Жанболат Қорғалжын ауылының МГ.




2022 жылы 17 ақпан күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттары Каменов Ф.К., Решетников С.Н., Паяев А.М. мектеп ұжымы және 9-11 класс оқушыларымен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты оқушылардың патриоттық тәрбиесін, өз Отанына деген адалдық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, жас ұрпақты осы бастан туған жеріне, атамекеніне шын берілгендік, патриотизм рухында тәрбиелеу болды.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттары мектеп оқушыларына өз өмір тәжірибелерімен бөлісіп, мамандық таңдау адам өміріндегі ең маңызды шешім екенін жеткізіп, ақыл-кеңес беріп, оқушылар мен ұстаздар тарапынан қойылған өзекті сұрақтар мен ұсыныстарға жауап берді. Кездесу жоғары деңгейде өтіп, оқушылар мен мұғалімдер көкейіндегі сауалдарға қанағаттанарлық жауап алды.



Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай 18 ақпан күні мектебімізде 10 класс оқушыларының ұйымдастыруымен «Ауған, сөнген шок, өшкен арман! Тек сенен есте қалған...» атты Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші өтті. Ауған соғысы ардагерлері – Смағұлов Сәрсен Смағұлұлы, Омаров Нұрбек Мәжитұлы және Ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы Сейт Айдана Бейсенқызы, аудандық Білім бөлімінің маманы Мұсай Октябрь кештің құрметті қонақтары болды. Кеш барысында ардагерлеріміз Ауған жерінде болған сұм соғыстың қиын-қыстау кезеңдері мен ерлік пен даңқты батыр-қаһармандары туралы естеліктерімен бөлісті. Білім алушылар қызықтырған сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Ардагерлер өз ойларымен бөлісіп қана қоймай, қазіргі жастарға бейбіт өмірді сақтауға, түрлі арандатушылыққа бой алдырмауға, Отанды қорғауға дайын болуға шақырды. Кездесу соңы оқушылардың дайындаған концерттік бағдарламасымен жалғасты. Ұйымдастырған: 10 класс жетекшілері И.Сураева, А.Серикова.



22.02.2022ж. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 7 “б” класында “Кітап оқып, рухани бай бол!” атты ашық тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісінің дамуын, рухани байлығын, кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Өткізген: класс жетекші А.Байтемирова және мектеп кітапханашысы Г.Жылысова



24.02.2022ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 8-11 класс оқушыларының қыздарымен жыныстық сауаттылық тақырыбында отырыс өткізілді. Бұл шара "Қыздар арасында" деп аталып, кеңес беру, әңгімелесу, сұрақ-жауап ретінде өтті. Жиналысқа аудандық ауруханадан гинеколог-дәрігер Изахметова С.А. қатысып, оқушы қыздарға жасөпірімдердің денсаулығы мен гигиенасы, жыныстық сауаттылық жайлы, ерте жүктілік және оның салдары туралы айтты. Отырысқа қатысқандар: мектебіміздің медбикесі: Бекенова А.Н, тәрбие ісінің орынбасары: Ашимова Г.К, мектеп психологы: Сулейменова А.Б.



2022 жылдың 26 ақпан күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында оқушылар мен ұстаздар назарына сахналандырылған заманауи қойылым ұйымдастырылды. Мектепте "Жастар" театры өз жұмысын жүргізуде. Көрініс тақырыбы: "Ғасыр дерті - интернет". Мақсаты: оқушылардың актерлік қабілеттерін шыңдау және дамыту, сахна мәдениетін үйрету, қазіргі таңдағы өзекті мәселелер арқылы оқушыларды тәрбиелеу. Оқушылар көрініске белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Театр жетекшісі: Сулейменова А.Б.




Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында "1-Наурыз алғыс айту" жоспарына сай "Алғыс айту – парызым!" тақырыбында мектебімізде 1-11 класс оқушыларымен класс жетекшілері класс сағатарын өткізіп, оқушылар арасында мейірімділік, сыйластық, алғыс




айту, ата-анаға, ұстаздарға деген құрметтерін білдірді. Жетістіктеріміз оқу жылы барысында мол болсын!



Қорғалжын ауылының мектеп- гимназиясында 8"б" класымен "Заманауи әлемдегі оқу мәдениеті" атты дебаты өткізілді.Мақсаты: Оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Құрылымды сақтау, әр топта 3 оқушының болуы, сөйлеу мәдениеті, шыдамдылық, шындық, сыйластық таныту. Өткізген: Мектеп кітапханашысы Д.Бексеитова және класс жетекші Г.Ахметова



«Қорғалжын аулының мектеп-гимназиясы» КММ "Халықаралық әйелдер күні" мерекесіне арналған оқушылардың құттықтау сөздері



«Қорғалжын аулының мектеп-гимназиясы» КММ "Халықаралық әйелдер күні" мерекесіне орай 1-11 кластар арасында "Аналар күні" атты тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.Өткізген: класс жетекшілер



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 10 наурыз күні 11"б" класында "Туберкулез туралы не білу керек?" тақырыбында класс сағаты өтті. Оқушыларға туберкулез қалай тарайтыны жайлы, туберкулез ауруына ықпал ететін факторлары, туберкулездің алдын алу шаралары туралы ақпараттар берілді. Тақырып бойынша қойылған сұрақтарына оқушылар жауап берілді.Өткізген: 11 "б" класс жетекшісі А.Байтемирова және мектеп медбикесі А.Бекенова Қатысқан оқушылар саны- 12



Сегодня, 12 марта, школьный библиотекарь Жалысова Г. совместно с преподавателями Рахметовой Н.К. и Сураевой И.П. в 6,8 классах провели классный час «С распаханной душой я перед Вами», посвященный нашей землячке, поэтессе Ирине Селиверстовне Деевой. Цель классного часа: познакомить с биографией и творчеством деятельностью И. Деевой, привить любовь учащихся к чтению. Ученики прочитали стихотворения поэтессы, были показаны видеоролики, слайды.



«Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ мектебімізде оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады. Бүгін біздің 10 класс оқушылары аға тәлімгер А.Бимолдина, класс жетекшілері А.Серикова және И.Сураевамен бірге Супрун Евдокия Гавриловна әженің үйіне барып, ауласын жинап, су тасып көмектесті. Әже риза болып, оқушыларға ақ батасын берді. Әрқашан көмек қолын созуға дайынбыз!!!




Ақмолалық 140-тан астам оқушы «Ақ шағала» байқауында өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында хореографиялық ұжымдар арасында «Ақ шағала» облыстық қашықтық байқауы өтті. Ұйымдастырушы Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы. Іс-шара білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыруға ықпал етеді. Байқауға Ақмола облысының 11 ауданы мен 2 қаласынан 17 би ұжымы қатысты. Қатысушылардың жалпы саны 144 оқушыны құрады. Байқаудың қорытындысы бойынша төмендегі оқушылар жүлделі орындарға ие болды: 1 орын –Қорғалжын ауданы, Қорғалжын а. мектеп-гимназиясы, «Інжу» би тобы;



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 15 наурыз күнінен бастап " Ең әдемі киім - ұлттық киім " атты челлендж басталды. Ұлттық киімдеріміз сыртқы сымбатымен, көз тартарлық әсемдігімен, терең дүниетанымды білдіретін ою-өрнегімен халқымыздың эстетикасын, философиясын, бай мәдени мұрасын паш етеді. Челленджіміздің мақсаты: ұлттық құндылықтарды насихаттау, рухани мұрамыз-ұлттық киімдерімізді дәріптеп, өскелең ұрпаққа сән-салтанатымен, мән-мағынасымен түсіндіріп жеткізу.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады. Бүгін біздің 9-11 класс оқушылары аға тәлімгер А.Бимолдина, класс жетекші А.Сериковамен бірге ардагер қызметкеріміз Қарақұнанова Қырмызы апаның ауласын қардан тазалап, көмектерін көрсетті. Әже риза болып, оқушыларға ақ батасын берді. Әрқашан көмек қолын созуға дайынбыз!!!



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының аға-тәлімгері А.Бимолдина 8 класс оқушыларымен бүгін, яғни 16 наурыз күні Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде Caravan of friendship “Мейірімділік пен достық” керуені өтті. Бағдарлама бойынша керуен қатысушыларын аудан тұрғындары ҚР-дағы АҚШ елшілігін қарсы алып, фотокөрме, сурет және бейнелеу өнерінен мастер кластар өтті. Оқушылар әр өткізілген сайыстарға белсене қатысып, қол-өнерлерін көрсетті. Америка қаласынан келген қонақтармен сұхбат жүргізіп, қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Мастер класс өте қызықты өтті.



2022 жылдың 16 наурыз күні Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі аясында аудандық жас тарихшылар мен өлкетанушылардың зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалар байқауы өткізілді. Байқауға Қорғалжын ауданы білім бөлімінің кабинет меңгерушісі Картенбай Гүлзат Аманжолқызы, аудандық білім бөліміне қарасты 13 мектептің дарынды оқушылары қатысты. Туған ел тарихына қызығушылық танытқан талантты оқушыларды, олардың шығармашылық қабілеттерін анықтау, өскелең ұрпақ бойында қоғамдық белсенділікті және қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалаптастыру, сонымен қатар, өлкетану мен Қазақстан тарихы бойынша оқушылардың білімдерін, ұлттық өзін-өзі анықтау және өзінің кіші отанына деген мақтанышын анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Байқау 3 номинация бойынша өрбіді: «Жергілікті туризм», «Аудан тарихында өз ізін қалдырған», «Ескерткіштер-ел тарихы». Үш номинация бойынша 27 оқушы бақ сынасты. Байқау өз мәресіне жетіп, нәтижесі анықталды: «Аудан тарихында өз ізін қалдырған» номинациясында І орын иеленді- Үшсарт негізгі мектебінен Балташ Айсана, Қорғалжын ауылының мектеп гимназиясынан Жақыпбекова Алуа.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 18 наурыз күні бастауыш кластар арасында «Әз Наурыз – жаңару мен жаңғыртудың бастауы» атты Наурыз мейрамына арналған іс-шара өткізілді. Оқушылар бар өнерлерін салып, күмбірлеген күй төгіліп, мың бұралған бишілердің өнері көрермендерді тәнті етті. Шашу шашылып, ұлттықойындардан үзінді көрсетілді. Бәрінен де көрермен көңілінен шыққаны "Қара жорға" биі, "Қыз куу" мен "Арқан тартыс", «Күш сынасу» ойындары болды. Ұйымдастырған: бастауыш класс мұғалімдері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 19 наурыз күні “Қазақстан балалары – көктем шақырады” көктем каникулы кезінде жүргізілген 5-11 кластар арасында «Әз

Наурыз – жаңару мен жаңғыртудың бастауы» атты Наурыз мейрамына арналған іс-шара өткізілді. Оқушылар бар өнерлерін салып, күмбірлеген күй төгіліп, мың бұралған бишілердің өнері көрермендерді тәнті етті. Шашу шашылып, ұлттық ойындардан үзінді көрсетілді. Іс-шара өте жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастырған: 5-11 класс жетекшілері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова



21 наурыз күні аудандық Әз-Наурыз мейрамы аталып өтті. Аудан орталығы Ә.Шабатов алаңында ақ отау киіз үйлер қатар-қатар тізіле тігілді. Іс-шараға Қорғалжын ауылының мектеп-гимназия ұжымы қатысты. Наурыз көже мен палау, бауырсақ пен ши бауырсақ таратылды және Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының асханасында білім саласының ардагерлеріне мерекелік дастархан жайылды. Наурыздан Наурызға аман-есен жете берейік! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Аудандық мерекелік іс-шараға белсенді атсалысқаны үшін Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының директоры Н.Тәжин ұстаздар мен қызметкерлер ұжымына, мектеп әкімшілігіне өз алғысын білдірді.



1906 жылғы 1 сәуірде құстарды қорғау жөніндегі Халықаралық конвенцияға қол қойылған. Содан бері жыл сайын көктем мерзімінде Халықаралық құстар күні аталып өтіліп келеді. Бұл іс-шараға бізде белсене қатыстық. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 5 «ә» және 2 «а» класс оқушылары Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығымен бірлесе отырып, викторина ұйымдастырып, қорықты аралап, деректі фильм көрді. Оқушылар жалпы құстар, құстардың түрлері, Қызыл кітапқа енген құстар, қорықта кездесетін құс түрлері туралы жаңа мәліметтермен танысып, қорық қызметкерлерімен пікір алмасты. Іс-шара жоғары деңгейде өткізілді. Іс-шараны қорық қызметкерлері мен Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының класс жетекшілері А.Рыспаева және М.Рахимова.




1 сәуір Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында құстар күніне орай 7 «в» класс оқушылары және технология пәнінің мұғалімі С.Омаров құстарға қамқор болу, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу мақсатында ұя жасады. Біздің көгімізде құстар сайрап жүрсе, жердегі адамдар да тыныш, бейбіт өмір сүре алады. Сондықтан біз құстарды аялаймыз, қамқор боламыз деген сөздерді басшылыққа ала отырып, құстарға деген мейірімін көрсетті.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 9-11 кластар арасында кәсіптік бағдар беру өткізілді. Нұр-Сұлтан қаласынан "М.Тынышбаев атындағы ҚазАТК" колледжі, "Логистика және көлік Академиясы" және "Басқару колледжі" келіп, оқушыларды оқу орындары жайлы мәліметтермен таныстырды.



Учащиеся школы-гимназии села Коргалжын подготовили видеоролики и участвуют в республиканском конкурсе, посвященный Международному детскому дню книги. Приняли участие ученицы 3 "а" класса Абдраимова Айзере, Мукагали Макатаев "Үш бақытым", Бейсентай Дариға, Мукагали Макатаев "Әке", 4 "а" класса Сембаева Айша, Калкаман Сарин "Әдеп", Картенбай Гульназ, Мукагали Макатаев "Отан", Жуматай Енлик, Мукагали Макатаев "Әй, өмірім"  
 Ответственные за конкурс: школьный библиотекарь Г.Жалысова, классный руководитель А. Туребаева, Н.Байкадамова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының «Инжу» би тобы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында хореографиялық ұжымдар арасында «Ақ шағала» облыстық онлайн байқауында 1-орынға ие болды.

Жеңімпаздарға Ақмола облысы білім басқармасының дипломдары, ал жетекші мұғалімге алғыс хат табысталды. Ұйымдастырушы: Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы.

Жетекшісі: мектеп хореографы Т.Тажина



15.04.2022ж Қорғалжын аудандық білім бөлімінің жоспары бойынша Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі аясында Қорғалжын мектеп- гимназиясы және Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бірлесіп ұйымдастыруымен "Ұшқыр ой алаңы" оқушылардың аудандық дебат турнирі өтті. Дебат турнирінде аудан мектептерінен жасақталған 9 топ бақ сынасты. Дода барысында оқушылар белгіленген қарар тақырыптары төңірегінде өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Дебат қорытындысы бойынша бас жүлдені Қорғалжын мектеп- гимназиясы, 1-орынды Ә.Усенов атындағы Сабынды орта мектебі, 2-орынды Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі мен Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп, 3-орынды Арықты ОМ, Амангелді ОМ., А.Төлебаев атындағы орта мектептері иеленді. Ал дода барысында ерекше көзге түсіп, "Үздік спикер" номинациясын Серік Ақмөр - Сабынды орта мектебі, Саятова Толғанай- Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп, Қабылдынов Оразалы- Шалқар ауылының жалпы орта мектебінің оқушылары иеленді. Дебат турнирі өте жақсы дәрежеде өтті.



2022 жылғы сәуір айының 06-08 күндері аралығында Бурабай ауданында өткен жас тарихшылар мен өлкетанушылардың облыстық зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалар байқауына Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 10 класс оқушысы Жакыпбекова Алуа қатысты. Жетекшісі: тарих пәнінің мұғалімі Г.Ахметова



20.04.2022г "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасының аясында және Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспары бойынша Үсенов атындағы Сабынды ауылының ЖОББМ-де "Менің туған жерім" табиғи туристік нысандар туралы аудандық байқау өткізілді. Байқауды Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі мен Картенбай Гүлзат Аманжолқызы мен Үсенов атындағы Сабынды ЖОББМ директоры Абеев Серік Едігеұлы салтанатты түрде ашты. Байқау үш номинация бойынша жүргізілді. Олар: "Мен тарих зерттеушісімін", "Ұлы даланың таңғажайып жерлері", "Мен естіген аңыз..." Аталған шараға ауданымыздың Қорғалжын ауылының МГ, Үсенов атындағы Сабынды ауылының ЖОББМ, Жантеке ауылының ЖОББМ, Ш.Уалиханов атындағы Қараегін ауылының ЖОББМ, Амангелді ауылының ЖОББМ, Шалқар ауылының ЖОББМ, Арықты ауылының ЖОББМ, Ұялы ауылының негізгі орта мектебі, Жұмай ауылының негізгі орта мектебі, Майшұқыр негізгі орта мектебінің оқушылары қатысты. Оқушылардың жұмыстарына төрелік еткен Кульбаев Әскербай Ермекұлы - Арықты ЖОББМ тарих пәнінің мұғалімі, Қошқарбаев Жомартжан Қалмырзақұлы - Жантеке ЖОББМ география пәнінің мұғалімі, Шекенова Гүлзат Рамазанқызы - Балалар шығармашылық орталығының директоры. "Мен тарих зерттеушісімін" номинациясы бойынша І-орынға Кәрімова Арайлым - Амангелді ЖОББМ 10-сынып оқушысы, ІІ-орынға Кенес Әбілмансұр - Арықты ЖОББМ 8-сынып оқушысы, ІІІ-орын Сүлейменова Маржан - Қорғалжын ауылының ЖОББМ 11-сынып оқушысы, ІІІ-орын Қапанова Рысты Үсенов атындағы ЖОББМ 9-сынып оқушысы ие болды. «Ұлы даланың таңғажайып жерлері» номинациясы бойынша І-орын Шалқар ауылының ЖОББ мектебінің 6-сынып оқушысы Қанат Айару, ІІ-орын Қорғалжын ауылының МГ 6-сынып оқушысы Бисекенова Ақниет, ІІІ-орын Жұмай ауылының НМ 5-сынып оқушысы Әбдіғаппар Еркеназ марапатталды. «Мен естіген аңыз...» номинациясы бойынша І-орынға Төлеубек Арайлым - Амангелді ЖОББМ 8-сынып оқушысы, ІІ-орынға Еркімбаев Асет - Үсенов атындағы ЖОББМ 9-сынып оқушысы, ІІІ-орын Сайлаубек Айша –Шалқар



ауылының ЖОББМ 6-сынып оқушысы, ІІІ-орын Мұхамеджан Кәусар Ш.Уалиханов атындағы Қараегін ауылының ЖОББМ 5-сынып оқушысы ие болды. Барлық қатысушылар сертификатқа ие болды.



2021-2022 оқу жылының 01 сәуір мен 20 сәуір аралығында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушылары "Балдәурен-Балқаш" оқу-сауықтыру орталығында демалып, оқып, түрлі іс-шараларға қатысып қайтты. Оқушылар уақыттарын өте қызықты өткізіп, оқу-сауықтыру орталығынан көтеріңкі көңіл күймен оралды. Ата-аналары да риза болып, Қорғалжын ауданының Білім бөліміне және Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының әкімшілігіне өз алғыстарын айтты.



01 сәуір мен 20 сәуір аралығында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушылары "Балдәурен-Бурабай" оқу-сауықтыру орталығында демалып, оқып, түрлі іс-шараларға қатысып қайтты. Оқушылар уақыттарын өте қызықты өткізіп, оқу-сауықтыру орталығынан көтеріңкі көңіл күймен оралды. Ата-аналары да риза болып, Қорғалжын ауданының Білім бөліміне және Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының әкімшілігіне өз алғыстарын білдірді.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25 сәуір күні 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 4"а" және 4"ә" класс оқушыларының қатысуымен " Ерлік-ұрпаққа мұра" атты тақырыпта ашық класс сағаты өткізілді.Мақсаты: жас жеткіншек ұрпақтарды Отан

сүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа баулу. Ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыра отырып, елін, жерін қорғауға, бейбітшілікті нығайтуға тәрбиелеу.

Жауапты класс жетекшілер: Н. Байкадамова, Н. Шамбекова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25 сәуір күні 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 9-10 кластар аралығында «Елімнің батыр ұлдары» ХХІ ғасырдың көшбасшысы зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың жан - жақты білімдерін тексеру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау. Патриоттық сезімдерін ояту. Өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу. Жеңімпаздар: 1-орын 10 "а" класы, 2-орын 9"б" класы, 3-орын 9 "а" класы Өткізген: класс жетекшілер Г.Шугаева, А.Серикова



25 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша "Балалар жылының" ашылуы салтанатты жиын түрінде өткізілді.

Ұйымдастырған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова және мектеп психологы А.Сулейменова



25 Сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 6-7 кластар аралығында «Ұлы ерлік-ұрпаққа мұра» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Өткізген: класс жетекшілер А.Тажина, А.Байтемирова, Г.Саркытбаева



26 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 1-4 кластар арасында тәтті жәрмеңке ұйымдастырылды. Ұйымдастырған: бастауыш класс жетекшілері.



26 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 2 кластар арасында "Басты байлық - бірлік" 1 мамыр - бірлік күніне орай мерекелік саптүзеу өткізілді. Әр класс әртүрлі ұлттық киімдер киіп, ұлттық билерін ұсынды. Мерекелік саптүзеу ән шашумен жалғасты. Мерекеге орай өткізілген салтанатты саптүзеуімізді арнайы келген ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы А.Сейт , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова тамашалады. Өткізген: бастауыш класс жетекшілері А.Рыспаева, А.Жомартова, Н.Тусупбекова, А.Мусылманбек

26 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 2 кластар арасында "Басты байлық - бірлік" 1 мамыр - бірлік күніне орай мерекелік саптүзеу



Сәуір айының 27-і жұлдызы класс жетекшілер апталығында 4 “б,в” класында “Менің ең қымбатты адамдарым – әкем мен анам” тақырыбында әндер мен өлеңдер сайысы өтті. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдылық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты

қалыптастыру, ұлттық қасиетімізді балалардың бойына дарыту мақсатында өткізілген ашық тәрбие сағатында оқушылар жоба қорғау, шығармашылық жұмыстар, ән айтып, мәнерлеп өлеңдер айту сайысынан сынға түсті. Тәрбие сағаты өте жақсы, жоғары дәрежеде өтті. Жауапты: бастауыш кластар мұғалімдері Е.Остапенко, А.Байтурова



2022 жылдың 27 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 3 кластар арасында «Көңілді старт» атты жарысы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттерін дамыту. Дене шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру. Көңілді старт 10 сайыс түрі бойынша өткізілді. Ойын өте жоғары деңгейде болды. Жарысқа 5 команда қатысты. Үздік шыққан команда мадақтамалар және сыйлықтармен марапатталды. Өткізген: бастауыш класс мұғалімдері Ш.Есім, Г.Торжанова, Г.Шайхина, А.Остапенко, А.Туребаева



2022 жылдың 28 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 1 кластар арасында “Ер жігіт-ел қорғаны” атты жігіт сұлтаны-2022ж. сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: жалпы оқушыларды жан-жақтылыққа, өнерлі болуға, талантылыққа тәрбиелеу. Өзін кез-келген ортада, еркін ұстауға тәрбиелеу, бар өнерін көрсетуге үйрету. Сайысқа 8 оқушы қатысты. Әр кезеңге балалар белсене қатысып, өздерінің өнерлерін көрсетті. Ұйымдастырған: бастауыш класс жетекшілері С.Садвакасова, Ж.Өнербек, А.Каппасова



29 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 3 кластар арасында "Ынтымағы жарасқан, көпұлтты Қазақстан" атты оқушылар арасында конференция өткізілді. Конференция өте жоғарғы деңгейде өтті. Балалар белсене қатысты. Ұйымдастырған: бастауыш класс мұғалімдері А.Остапенко, Ш.Есім, Г.Шайхина, Г.Торжанова, А.Туребаева



30 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 9"а" класында "Ынтымағы жарасқан көпұлтты Қазақстан" атты конференция өткізілді. Конференцияға 8 баяндамашы қатысты. Көрермендер тамашалап, өздерінің қызықтырған сұрақтарын қойды. Сайыс соңында қатысқан оқушылар номинация бойынша марапатталып, сыйлықтарын алды. Өткізген: класс жетекші Г.Досымова



30 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 11 кластар арасында "Біз өмірді таңдаймыз!" ұлдар және қыздар кеңесінің бірлескен жиыны (нашақорлықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу, т.б. тақырыптар) өткізілді. Өткізген: класс жетекшілер А.Байтемирова, А.Уткельбаева



30 сәуір күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 25.04-30.04 күндері аралығында «Менің мектебім – менің отбасым» класс жетекшілер апталығының жоспары бойынша 6"в" класында "Үлкенге құрмет, кішіге ізет" атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Өткізген: класс жетекші И.Сураева.



Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен, "Балалар жылының" аясында оқушылар арасында, "Жігер-2022" спартакиадасы ашылды. Спартакиаданың салтанатты ашылуына жауапты болған Қорғалжын ауылының мектеп – гимназиясының әкімшілігі.



Қорғалжын ауданында 13-14 мамыр аралығында алғаш рет өткізіліп отырған «Жігер – 2022» спартакиадасы өз мәресіне жетті. Аудан бойынша 13 мектептен 446 бала қатысқан спорттық сайыс өте нәтижелі және жемісті аяқталды. Қыздар волейболы, ұлдар волейболы, тоғызқұмалақ, футбол, дзюдо, асық ату, устел теннисі, президенттік коп сайыс секілді спорт түрлерінен бақ сынасқан жас спортшылардың арасынан мықты дегендер жеңіс тұғырына шықты. Үш орынға берілген ақшалай сертификаттарды Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы табыстады. Төрешілердің шешімімен І-ші орынды Қорғалжын мектеп-гимназиясы, ІІ-ші орынды - Ақтан Төлеубаев атындағы орта мектебі иеленсе, ІІІ-ші орынды Арықты орта мектебі қанжығасына байлап кетті.

Жұлделі орындарға ие болған командаларды жеңістерімен құттықтаймыз.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 6 мамыр күні "Республикалық Жас Ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер" ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Салтанатты жиында Қорғалжын мектеп-гимназиясының директоры Тәжин Нұрлан Есіркепұлы және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жүсіпова Баян Амангелдіқызы оқушыларды құттықтап, төс белгілер табысталды. Облыстық байқауға қатысқан жеңімпаз оқушыларды марапаттады.



Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу – әдістемелік кабинеті» КММ – сі ұйымдастырған «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Жақсы кітап – жан азығы» облыстық сырттай конкурсына Қорғалжын ауылының мектеп – гимназиясы оқушылары қатысты. Конкурс ережесіне сәйкес 5 оқушы қатысып, «Бақытты балалық шақ» кітапшасы қазылар алқасына ұсынылды. Байқау қорытындысы бойынша мектеп командасы: Даниярқызы Зере, Люфт Александр, Талғат Назира, Баяшева Динара, Оразова Нұрай сыйлықтармен марапатталды.



16.05.2022ж. Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен, "Балалар жылының" аясында оқушылар арасында өткізілген "Жігер-2022" спартакиадасынан

жүлделі орын алған Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушыларына диплом, медаль, кубок табысталып, жалпыкоманда бойынша I-орын иеленгені үшін 500 000тг сертификаты берілді. Оқушыларды дайындаған: директордың патриоттық тәрбие жөніндегі орынбасары А.Алибаев пен денешынықтыру пәнінің мұғалімдері М.Жакенов, Ж.Әубәкір, Е.Қайдаров, Д.Сайлаубек.



20.05.2022ж. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 8 класс оқушыларына оқу жылының соңына орай үздік оқушыларға арнайы ұйымдастырылған Нұр-Сұлтан қаласының «Астана-Опера» мемлекеттік опера және балет театрына барды. Онда концерттік бағдарлама, қызықты викторина және театр бойынша экскурсия жүргізілді. Мейрамханада оқушыларға арналған кешкі ас ұйымдастырылды. Оқушылар әсерлі көңіл-күймен оралды. Ата-аналар және мектеп әкімшілігі Қорғалжын аудандық Білім бөлімінің басшысына үлкен алғыс білдіреді.



25 мамыр күні Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының «Түлек 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты жылдағы үрдіспен салтанатты жиын болып өтті. Жиынға аудан орталығынан келген қонағы – Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы қатысты.

Алғашқы құттықтау сөз мектебіміздің директоры Тәжин Нұрлан Есіркепұлына беріліп, оқу үздіктері мен аудандық, облыстық пәндік олимпиада бойынша жеңімпаздарына мақтау қағаздарын табыс етті. Биылғы оқу жылында 30 түлегі балалықпен, мектептен қоштасуда.

Мереке жалғасы мектеп бітіруші түлектердің ұстаздарына арнап шығарған арнау өлең, ән – жырларымен мереке сәнін кіргізді. Мектеп бітіруші түлектерге балғын жас шыбықтар 1 - класс оқушылары сәт сапар тілеп, өлеңдерін оқыды. Мереке соңына қарай ата – аналар сөз кезегін алып ұстаздарға ізгі тілектерін, ризашылықтарын білдірді. Соңғы қоңырау соғу рәсімі 11- класс оқушылары Каптысәліямов Саят пен Шугаева Аружан және 1- класс оқушылары Янушевский Артур, Ислам Аруназға берілді. Осынау білім ордасын 45 жыл бұрын бітірген түлектері де бүгінгі «Соңғы қоңырау» кешіне қатысып, мектеп ұжымына деген алғыстарын жеткізді.





### Қамқоршылық кеңесінің жұмысының жылдық қорытынды есебі

Қамқоршылық кеңес қызметі типтік ережеге және Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңының 44 бабы 9 тармағына сәйкес, « Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлану тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі бұйрығының 6, 7 баптары және « Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары , оның ішінде: Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 17 мамырдағы қаулысының 37- тармағы негізінде, Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың мамырында №299 бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы бұйрығын басшылыққа алынып құрылған. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің саны тақ, бір – бірімен және білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық туысы жоқ 9 адамнан сайланып, жылдық жоспары құрылып, бекітілген. Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегідей: Қамқоршылық кеңес төрайымы- Рыспаев Мухтар Оралбаевич зейнеткер. Қамқоршылық кеңес төрайымының орынбасары Картенбай Гульзат Аманжоловна аудандық бөлімінің әдестемелік кабинетінің менгерушісі.

Мүшелері- Мухамеджанова Жанар демеуші

Мамраева Жансая ата- ана

Рыбина Ольга жеке кәсіпкер

Шугаева Карашаш ата- ана комитетінің төрағасы

Манбетпаев Нурлан нотариус

Бекенова Айшолпан медбике

Талапкерова Асем ата- ана

Қамқоршылық кеңесінің және тексеріс комиссиясының жылдық жұмыс жоспары жасалынған. Әр айда өткізілген іс- шаралар жоспары бойынша өз дәрежесінде өткізілді. Мектепте 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейінгі аралықта

« **Бақытты балалық шақ мекені!**» атты ұранымен республикалық

«**Мектепке жол**» акциясы ұйымдастырылып, өз дәрежесінде өткізілді. **Акцияның мақсаты** – аз қамтылған отбасыларындағы оқушыларға қолдау мен көмек көрсету ғана емес, сондай- ақ, мектепке әлеуметтік жағдаймен бараалмау себебі бойынша балалардың мәселелеріне қоғамның назарын аудару болып табылады.

Акция аясында әр- түрлі іс- шаралар жоспарланып, қайырымдылық шаралар, мектеп оқушылары арасында жәрмеңкелер, концерттік бағдарламалар, дөңгелек үстел, оқумен қамтылмаған және оқу жылына дайындық кезінде көмекке мұқтаж балаларды анықтау мақсатында рейдтік шаралар өткізу жоспарланып мектеп директорының келісімімен бекітілді.

Қыркүйек айында « **Меркі ақиқат**» газетінде « **Қайырымдылық жасау, менің таңдауым!**» тақырыбында мақала жарық көрді. Мақалада, « Мектепке жол» акциясы жалғасын тауып, осы ауқымды іс-шараға байланысты арнайы комиссия құрылып, жұмыс

істеп жатқандығы, сонымен қатар жүрегі нұрға толы ауыл азаматтары мүмкіндігінше қол ұшын беріп, түсіністікпен қарап, акциядан шет қалмауда екендігі туралы жазылды. Өткізілген іс- шара барысында мектеп ұжымы ауылымыздың әкімі Б.Сембаев мырза бастаған ауыл азаматтары және жеке кәсіпкерлер оқу құралдарын сыйласа, мектеп әкімшілігі мектеп ұжымы азқамсыздандырылған, жағдайы төмен, жартылай жетім отбасынан шыққан балаларға оқу құралдары, аяқ киім , мектеп формасы, спорттық киімдер сыйға тартты. Акция аясында « *Жетім көрсең жебей жүр*» деген атаулы сөзін ұстанып ауыл тұрғындары қарджылай көмек көрсетіп, жиналған қаражатқа балаларға мектеп формасы, оқу құралдары алып беріп табыстадық. Жалпы акция бойынша 24 оқушыға 335000 ( үш жүз отыз бес мың) теңге көлемінде көмек көрсетілді.

Оқу жылының басында аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан **балалар 100% оқулықпен қамтамасыз етілді.**

29 қазан «Қамқоршы күні» мерекесіне байланысты « *Балаға мейірім сыйла*» атты республикалық акция аясында №6 жалпы білім беретін мектепте « Балаға мейірім сыйла» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді.

2021-2022 оқу жылында мектепте мемлекет есебінен аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. **218 баласы.**

Қарттар күніне орай қазан айында « *Қарттарым ізгіліктің шырағы*» тақырыбында кездесу өтті. Іс- шараның мақсаты- оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата- бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне , инабаттылыққа , жақсы мен жамандықты ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу. №6 жалпы білім беретін мектепте аз қамсыздандырылған отбасы балаларымен « *Менің отбасым*» тақырыбында тренинг өтілді.

Қараша айында аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан **21 балаға мемлекет тарапынан ақшалай көмек көрсетілді.** Ол ақшалай көмек әр ата-ана баласына қажетті қыстық киімін алды, және де алған ақшаны тек балаларға қажетті киімдерге жұмсады. Аудандық әкім шыршасына жартылай жетім, және көп балалы, аз қамсыздандырылған отбасы шыққан балалары қатысты. Сол сияқты жыл бойы аудан көлемінде өткізілетін іс- шараларға оқушылардың қатысуына демеушілік көрсету жұмыстары іске асырылып, қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамалары өз уақытында жазылды. Жазғы уақыта атап айтқан оқушылар тегін жолдамамен қызықты және пайдалы демалып келеді.